


ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ӨМІР НЕГІЗІ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ӨМІР НЕГІЗІ



Заң мен тәртіпті сақтау – қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, жас ұрпақтың саналы әрі жауапты болып қалыптасуының басты шарты. Қауіпсіз орта құру тек мектептің міндеті емес, ол оқушының, ата-ананың және қоғамның ортақ жауапкершілігі болып табылады.

Әрбір оқушы мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, өз құқықтары мен міндеттерін білуге, әрбір іс-әрекеті үшін жауапкершілік алуға тиіс. Қорқыту, әлімжеттік және заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу – өзара сыйластық пен сенімге негізделген ортаны қалыптастырады. Заңды сыйлау – өзіңді және өзгелерді құрметтеудің айқын көрінісі.

Ата-ана баласына дұрыс бағыт-бағдар беріп, заң талаптарын түсіндіріп, күнделікті өмірде үлгі көрсетуі қажет. Баланың тәртібі мен мінез-құлқы үшін ата-ананың жауапкершілігі бар екенін ескеру маңызды. Мектеппен тығыз байланыс орнату арқылы ғана бала тәрбиесінде оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қоғам өз тарапынан баланың қауіпсіз әрі қолайлы ортада дамуына жағдай жасап, заң мен тәртіпке бейжай қарамауы тиіс. Бірлік пен жауапкершілікті нығайту арқылы ғана тұрақты әрі әділетті қоғам қалыптасады. Әрбір азаматтың саналы іс-әрекеті болашақ ұрпақтың тағдырына тікелей әсер етеді.

Заңды сақтау мен тәртіпті құрметтеу – қауіпсіз өмірдің, жарқын болашақтың және қоғам тұрақтылығының берік негізі. Заңды сыйлау арқылы біз әр баланың бақытты әрі қауіпсіз өмір сүруіне жол ашамыз.